

"Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" Бурабай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № а-5/194 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № а-12/504 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 8273 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" Бурабай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № а-5/194 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7207 болып тіркелген, 2019 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1 қосымшасында:

реттік нөмірі 6 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"

6 Қарабауыр ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 2, "Бурабай ауданының білім бөлімінің Қарабауыр ауылының бастауыш мектебі" коммуналды мемлекеттік мекемесі ғимаратындағы стенд;

";

реттік нөмірі 13 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"

13 Обалы ауылы, М.Д. Досанов көшесі, 19, "Бурабай ауданының білім бөлімінің Обалы ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратындағы стенд;

";

реттік нөмірі 36 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"

36 Красный Кордон ауылы, Лесная көшесі, 1 А, "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Ұрымқай орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратындағы стенд;

";

жоғарыда көрсетілген қаулының 2 қосымшасында:

реттік нөмірі 7 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"

7 Қарабауыр ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 2, "Бурабай ауданының білім бөлімінің Қарабауыр ауылының бастауыш мектебі" коммуналды мемлекеттік мекемесінің акті залы";

".

реттік нөмірі 14 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"

14	Обалы ауылы, М.Д. Досанов көшесі, 19, "Бурабай ауданының білім бөлімінің Обалы ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің акті залы";
----	---

".

реттік нөмірі 36 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"

36	Красный Кордон ауылы, Лесная көшесі, 1 А, "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Ұрымқай орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің акті залы;
----	--

".

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі

А.Муздыбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Бурабай аудандық сайлау комиссиясы